**Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының»"Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігін ( уақытша басқарушысын) тағайындау және қызметінің ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 6 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы N 167 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 1 тамызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4847 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 147 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 147 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қолданушылардың назарына!!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

Банктердің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Агенттік Басқармасының "Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігін ( уақытша басқарушысын) тағайындау және қызметінің ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 9 қаңтардағы N 6 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4070 тіркелген) Агенттік Басқармасының " Кейбір нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 30 сәуірдегі N 115 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4681 тіркелген) енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен бірге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігін ( уақытша басқарушысын) тағайындау және қызметінің ережесінде :

5-тармақта:

5) "тармақшада "." деген тыныс белгісі ";" тыныс белгісімен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лицензиядан айыру туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан артық емес кезең ішінде қаржы ұйымында жұмыс істеген тұлға.";

7-тармақтың 2) тармақшасындағы "ұйым" деген сөз "жинақтаушы зейнетақы қоры" деген сөзбен ауыстырылсын;

7-тармақтың 3) тармақшасындағы "ұйым" деген сөз "жинақтаушы зейнетақы қоры" деген сөзбен ауыстырылсын;

8-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Уақытша әкімшілік басшысы уақытша әкімшіліктің жұмысына басшылық жасайды және үйлестіреді, мүлікті сақтау және қаржы ұйымын басқаруды қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттікті жүзеге асырады, уақытша әкімшілік мүшелерінің арасында міндеттерді бөледі.";

10-тармақта:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) уақытша әкімшіліктен тарату комиссиясына ұйымның мүлкін, құжаттарын және істерін қабылдау-өткізу аяқталғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға және сотқа жасалған жұмыс туралы есеп береді;";

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) ұйым қызметкерлерімен еңбек шарттары Қазақстан Республикасының еңбек туралы заңнамасына сәйкес бұзылады.";

16-тармақ мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) жанар-жағар май материалдарын сатып алу;";

27-тармақта:

3) тармақшадағы "он" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

5) тармақта:

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"әлеуметтік жеке код немесе бар болса - жеке сәйкестендіру нөмірі;";

сегізінші абзац алынып тасталсын;

29-тармақта:

он екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"әлеуметтік жеке код немесе бар болса - жеке сәйкестендіру нөмірі;";

он үшінші абзац алынып тасталсын.

2. Осы қаулы:

1) "Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңы (бұдан әрі - Заң) қолданысқа енгеннен кейін алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-

тармағының жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы абзацтарын;

2) Заң қолданысқа енгеннен кейін алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-тармағының жиырма үшінші, жиырма жетінші абзацтарын қоспағанда,

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

3. Қаржы ұйымдарын тарату департаменті:

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне мәлімет үшін жіберсін.

4. Агенттіктің Төраға қызметі (Заборцева Е.Н.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау жөнінде шаралар қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л. Бахмутоваға жүктелсін.

*Төраға*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК